Бекітемін: [signature]
Мектеп директоры: Г.М.Жумагазина
« 31 » 01. 2022 ж.

# «Сағыз орта мектебі»КММ
# Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі 2022-2023 оқу жылына арналған Кешенді іс – шаралар жоспары

| № | Атауы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| | **І.Ұйымдастыру шаралары** | | |
| 1.1 | Жалпыға бірдей білім беруді қамтуды ұйымдастыру | Қыркүйек | ДТІЖО<br>ДОІЖО<br>Кл.Жетекшілер |
| 1.2 | 2022-2023 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің жұмыс жоспарын құрып,бекіту.<br>Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектормен жұмыс. | Қыркүйек | ДТІЖО |
| 1.3 | Құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырыстары | Әр айдың 4-ші бейсенбісі,қажет болса кезектен тыс | ДТІЖО |
| 1.4 | Жасөспірімдер ісі жөнідегі инспекциясында,мектепішілік тіркеудегі және сәтсіз жанұядан шыққан, «Тәуекел» топқа жататын оқушыларды анықтап,есепке алып,картатекаларын жинақтау | қыркүйек | Кл.жетекшілер<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог |
| 1.5 | Мектепішілік тіркеудегі,жасөспірімдер инспекторы тіркеуіндегі және сәтсіз отбасы,тәуекел топ оқушыларының мекен жайын аралап отбасы жағдайларымен танысып,әңгімелер жүргізу | қажетінше | Кл.жетекшілер |
| 1.6 | Есептегі оқушылардың үйірме,секцияларға тартылуын қамтамасыз ету | Жыл бойы | ДТІЖО<br>Әлеуметтік педагог |
| 1.7 | Оқушылардың құқық бұзушылығы жөнінде түскен мәліметтерге дер кезінде шара қолдану | Қажетінше уақытылы | ДТІЖО |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.8 | Оқушылардың сабаққа қатысымын бақылау | Күнбе-күн | Кл.жетекшілер |
| 1.9 | Каникул уақытында мектепішілік тіркеудегі,жасөспірімдер инспекторы тіркеуіндегі және сәтсіз отбасы,тәуекел топ тіркеуіндегі оқушыларының бос уақытының тиімді ұйымдастырылуын бақылау | Тоқсан сайын | Кл.жетекшілер |
| 1.10 | Әлеуметтік қиын жағдайға тап болған оқушылар және олардың отбасыларымен байланыс жұмыстарын жүргізу | қажетінше | Кл.жетекшілер<br>Әлеуметтік педагог |
| 1.11 | Тәртіп сақшылар тобының жұмысы(құрамын қайта жасақтау) | қыркүйек | ДТЖО<br>Психолог |
| 1.12 | Келеңсіз жанұялармен жұмыс (үйіне барып тұру,жеке әңгімелесу | үнемі | ДТЖО<br>Класс жетекшілер |
| 1.13 | Толық емес, қолайсыз отбасыларда тұратын, мектепішілік есеп ішкі істер бөлімінің есебіне алынған балалармен және олардың ата-аналарымен адрестік алдын алу жұмыстарын өткізу | үнемі | ДТЖО<br>Әлеу педагог |
| 1.14 | Білім беру ұйымдарына алып келуге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар | қажетінше | ДТЖО<br>психолог |
| 1.15 | Психологиялық көмекке мұқтаж кәмелетке толмағандарды ерте анықтау (психодиагностика) девиантты мінез-құлқы жасөспірімдердің психодиагностикасын жүргізу | Жыл бойы | психолог |
| | **II.Оқушылармен өткізілетін алдын алу шаралары (профилактикалық)** | | |
| 2.1 | Қоғамдық жерлердегі,көшедегі,мектептегі,үйдегі жасөспірімдердің тәртіптері туралы әңгіме-сұхбаттар. | Қыркүйек | ДТЖО<br>Психолог<br>Класс жетекшілер |
| 2.2 | «Заң біткен жерде,зұлымдық басталады» (құқық апталығы) | қазан | ДТЖО |
| 2.3 | Тіркеуге алынған оқушылармен жеке зерттеу жұмыстарын жүргізу; | қазан | Психолог<br>Әлеуметтік педагог |
| 2.4 | «Сен өз құқығыңды білесіңбе? Топтық сайыс<br>5-6 кл | қараша | Құқық пәнінің мұғалімі |
| 2.5 | «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» атты құқықтық сайыс 7-8 кл | қараша | Тайшыбай Қ.Р |
| 2.6 | «Құқық бұзушылықтың алдын алу» дөңгелек үстел 9-11 кл | желтоқсан | Психолог |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.7 | «Өз құқығымыз өз мүддеміз» сауалнама 7-8 кл | | Тәлімгер Әлеуметтік педагог |
| 2.8 | «Жасөспірім және жыныстық кол соғушылықтың алдын алу дөңгелек үстел 9- 11 кл | желтоқсан | Кл.жетекшілер |
| | | желтоксан | Кл.жетекшілер Психолог |
| 2.9 | «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» пікірсайыс 9-10 кл | желтоқсан | Инф.мұғалімі психолог |
| 2.10 | «Өмір қымбатсың маған» тренинг 7 кл | Қаңтар | Психолог |
| 2.11 | «Спорт біздің досымыз» спорттық сайыс 5-6 кл | Қаңтар | Дене шынықтыру мұғалімдері |
| 2.12 | «Суицидтің шығу себептері» видеоролик 8кл | қаңтар | Психолог |
| 2.13 | «Менің балалық шағым» өгей әкемен тұратын оқушылармен жұмыс | қаңтар | Әлеуметтік педагог |
| 2.14 | «Құқық және заң» сынып сағаты 6 кл | ақпан | Мыңбай А.Е |
| 2.15 | «Біз бейбіт елде өмір сүреміз»сынып сағаты 5 кл | ақпан | Өскімбай Ж.С |
| 2.16 | «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» класс сағаты 9 кл | ақпан | Кульметова Б.Т |
| 2.17 | «Қамқорлық» акциясына құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды тарту | ақпан | Әлеуметтік педагог |
| 2.18 | «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» атты ақпараттық материалдар тарату (әдістемелік құрал, жадынамалар,буклеттер) | Айына 1 рет | Адал ұрпақ клубы |
| 2.22 | «Қылмыстың өтеуі-жаза» бейнеролик әзерлеу | Тоқсан сайын | ДТІЖО тәлімгер |
| | **III.Ата-анамен жүргізілетін алдын алу шаралары** | | |
| 3.1 | Ата-аналар үшін медицина қызметкерлерімен,маман психологтардан кеңес алуды ұйымдастыру | қажетінше | ДТІЖО |
| 3.2 | Ата-аналарды мектепішілік шараларға қатыстыру | қажетінше | ДТІЖО |
| 3.3 | Оқушыларға әртүрлі жағдайлардағы жалған хабарлама бергені үшін жауап беретіндігін ескерту және жол ережесін бұзбай жүру тәртібі туралы түсіндіру | Тоқсан сайын | ДТІЖО |
| 3.4 | Тіркеудегі оқушылардың отбасын зерттеу жұмыстары | қажетінше | ДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.5 | «Сауатты ата-ана балалардың құқығының қорғалуының кепілдемесі» дөңгелек үстел | қараша | Класс жетекшілер |
| 3.6 | «Сіз және балаңыз бір-бірлеріңізді түсіне аласыздарма» | қараша | Психолог |
| 3.7 | «Саналы әке» тренинг ұйымдастыру | қараша | ДТІЖО<br>Психолог |
| 3.8 | Ойын – сауық орындарында еріктілерді, ата-ананы қатыстыра отырып рейдтік іс-шаралар өткізу | үнемі | ДТІЖО<br>Класс жетекшілер<br>тәлімгер |
| **IV.Педагогикалық ұжыммен жұмыс** | | | |
| 4.1 | Тіркеудегі оқушылардың тәртібін,сабаққа қатысымын бақылау мақсатында сабақтарға қатысу | қажетінше | ДТІЖО<br>ДОІЖО<br>Психолог |
| 4.2 | Жас мамандармен тәрбиелеуде қиындықтар туғызатын оқушылармен жұмыс жүргізулеріне қажетті тренингтер өткізу | қажетінше | Психолог |
| 4.3 | Мектепте медиация қызметінің желісін жетілдіру және дамыту | үнемі | Медиация жетекшісі<br>ДТІЖО |
| 4.4 | Республикалық оқыту орталықтарының мамандарының қатысуымен ТІЖО,психолог, әлеуметтік педагог оқыту семинарларына қатысу | Жыл бойы | ДТІЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог |

«Бекітемін»
Мектеп директоры: Г.М.Жумагазина
«31» 08 2022ж

**«Сағыз орта мектебі»КММ 2022-2023 оқу жылына арналған**
**кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысының жоспары.**

**Мақсаты:** Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу

| № | Отырыста қаралатын мәселелер | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | **№1 отырыс**:<br>1. 2021-2022 оқу жылындағы мектепішілік құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесін жоспарын құру, бекіту.<br>2. Мектепішілік қадағалаудағы тұрған оқушыларымен жұмыс. | қыркүйек | ДТІЖО<br>Психолог<br>Сынып жетекшілер<br>Әлеуметтік педагог |
| 2 | **№ 2 отырыс.**<br>1. «Құқықбұзушылықтың алдын алу -басты міндет» апталық<br>2.Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық,нашақорлық және зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу жұмыстарының барысы.<br>3.Жасөспірімдер арасында кибирбуллингтің алдын алу | қараша. | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br><br>Психолог |
| 3 | **№3 отырыс**<br>1.Ата-аналар жиналысы<br>«Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы – серіктестер» Баяндама<br>2Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық қолсұғылмаушылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу.<br>3. Суицидтік мінез құлықты алдын алу профилактикасы<br>Интернет желісіндегі жас өспірімдерді суицидке итермелейтін ойындар жайлы мәлімет | қаңтар | ДТІЖО<br><br>Медбике<br>Психолог<br>Сынып жетекшілер |
| 4 | **№4 отырыс**<br>1. Қыздар ұйымының жұмысынан хабарлама .<br>2.Жайсыз отбасылармен атқарылған жұмыстар<br>3.Теріс діни ағымдардың алдын алу жұмыстары | сәуір | ДТІЖО<br>психолог<br>Қыздар ұйымы жетек |
| 5 | **№5 отырыс**<br>1. Бақылауда тұрған оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары<br>2.Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2022 -2023 оқу дылына арналған жұмыс жоспарының орындалуы. | мамыр | Қ.Р.Тайшыбай |

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Қ.Р. Тайшыбай

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
**БАЙҒАНИН АУДАНЫ**
**«САҒЫЗ ОРТА МЕКТЕБІ»**
**КММ**

**АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ**
**БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОН**
**КГУ «САГИЗСКАЯ**
**СРЕДНЯЯ ШКОЛА»**

030310, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Ноғайты ауылы,Жағалау көшесі №11
Тел/факс:(871345)74-6-96
e-mail :sagiz-1979@mail.ru

030310 Актюбинскаяобласть,Байганинский
район,селоНогайты,
улицаЖагалау№11,тел/факс:(871345)74-6-96
e-mail:sagiz-1979@mail.r

**2022 жыл 05 қыркүйек** **№03** **Ноғайты ауылы**

**Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесін құру туралы**

2022-2023 оқу жылында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында

**Бұйырамын:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі төмендегі құрамда құрылсын:

Төрайымы: - Г.М.Жумагазина мектеп директоры

Төрайымның орынбасары-Қ.Р.Тайшыбай –ДТІЖО

Хатшы-А.К.Түйебай

Мүшелері:

Аралбай Толғанай-психолог
Дарбаева Бибигуль-әлеуметтік педагог
Құрман Ақерке-құқық пәнінің мұғалімі
Ақтаева Сая –мектеп медбикесі
Ноғай Нұрзипа-кітапханашы
Құлмұрза Айзада- тәлімгер
Абишева Айнур-ата-ана
Мұрат Мансур-оқушы

2. 2022-2023 оқу жылына арналып құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жұмыс жоспары құрылсын

3. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық жасау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры Г.М.Жумагазина

6

Хаттама №1.

"Сарыз орта мектебі" КММ

13 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныcу;

2. 2022-2023 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту;

Бірінші мәселе: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелеріне былтырғы оқу жылында келеңсіз оқиғалардың болмауы біздердің бірлесіп жұмыс жасағанымыздың нәтижесі. Биылғы оқу жылына жоспар құрылды, сол жоспар аясында жұмыс жасаймыз.

Екінші мәселе: Мектеп директоры Гүлмира Мұханбетовна барлық мүшелеріне құқықбұзушылық туралы кеңінен түсіндіріп, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша құрылған комиссия мүшелерінің орындарын ауыстырылғанын айтып, таныстырды. Алдағы оқу жылында оқушылардың қауіпсіздігін, орынсыз жүрмеуін қадағалауымыз керек. Ата-аналарымен, класс жетекшілермен тығыз байланыста болуымыз қажет.

Шешім:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы жоспар бойынша атқарылсын;
2. Айтылған мәселелер жүзеге асырылсын.

Жиналыс төрағасы: Г.М. Жұмағазина

хатшы: А.К. Түйебай

Хаттама №2.

"Сакиз орта мектебі" КММ

15 қараша 2022 жыл.

Қатысқандар: 16
қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. « Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет » апталық
2. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, нашақорлық және зиянды заттардың пайдаланудың алдын алу жұмыстарының барысы.
3. Жасөспірімдер арасында кәбірбүлмектік алдын алу

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып өткен соң « Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет » тақырыбында апталығының өткізілуі туралы айтып өтті. Онкүндік шараның жоспары бекітіліп, таныстырылды.

Екінші мәселе: Сынып жетекшілер
Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық ішкі істер бөлімімен бірлесіп ай сайын жұмыстар жүргізілуде. Бірақ мектеп тарапынан тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанымен кейбір ата-аналар тарапынан қадағалау аз. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға ата-ана жауапты. Сол себепті әр үйде көлік бар, мотоцикл бар, әсіресе осындай көліктерді кәмелеттік жасқа толмаған балаларға бермеу керек екендігі қатаң ескертілді. Сонымен қатар ер балалардың қалтасынан, сөмкелерінен мектепке тыйым салынған заттар анықталды. Мысалы: қымбат ұялы телефондар, иіс сынар (мыск) табылды. Осыған байланысты ата-аналарға ескерту берілгендігі айтылды. Ертеңгі күні бақылаусыз қалған зиянды заттармен ұсталған жағдайда ата-ана жауапкершілікке тартылатындығы ескертілді.

Үшінші мәселе: мектеп психологі Т. Аралбай.

Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу бойынша сөз сөйледі. Ол қорқаудың агрессивті мінез-құлықтың басқа түрінен қалай ерекшеленетінін, оны күшті топ немесе жеке сыныптарда жүзеге асыратынын, психикалық немесе физикалық тұрғыдан әлсіз, көрністің әртүрлі формалары бар, ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде жүретін және саналы түрде жүзеге асырылатынын айтып өтті. Жәбірленуші қорқыту әрекетінен қатты зардап шегеді, бірақ әртүрлі себептермен агрессияға жауап бере алмайды.

Буллинг - бұл негізінен балалар тобына тән әлеуметтік құбылыс. Буллинг баланың өзі үшін қиын жағдай және жасөспірімдер ортасында жиі кездеседі. және соңғы жылдары жиі кездесіп келеді.
Осы мәселе бойынша сынып жиналыстарында да айтылып келеді.

Шешім:

1. Құқық аталымының өткізілетіндігі есепке алынсын;
2. Оқушылардың құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ата-анамен, сынып жетекшілердің жұмысы белсенді түрде жүргізілсін.
3. Зиянды заттарды қолданудың алдын алу жөнінде 5-11 кластар арасында қосымша бағдарламаны жүзеге асыру, оқушыларға толық мағлұмат беру сынып жетекшілерге тапсырылсын.
4. Оқушылардың өмір қауіпсіздігімен кибербуллинг жайлы хабарлама ескерілсін.
Оқушыларға сенім телефондары таныстырылсын.

Жиналыс төрайымы М. Жумагазина

Хатшы А.К. Түйебай

Хаттама №3

"Сакыз орта мектебі" КМM

12 қаңтар 2023 жыл

Қатысқандар: 16
қатыспаған: жоқ.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар жиналысы
« Оқушылардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы - серіктестер»
Баяндама
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық қолсұқылмаушылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу.

3. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу профилактикасы
Интернет желісіндегі жас өспірімдерді суицидке итермелейтін ойындар жайлы мәлімет

Бірінші мәселе: Оқушылардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы - серіктестер»
Баяндама - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшабай.

Оқушылардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу Салауатты өмір салтын насихаттау аясында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жоспарына сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Бұл оқушылармен жеке әңгімелер, сауалнамалар, ақпараттық сағаттар.
Оқу сабақтарына қатысуға күнделікті бақылаулар жүргізілуде. "Түнгі қаладағы балалар" акциясы аясында кешкі рейдтер жүргізіледі. Барлық мектеп оқушылары үйірмелер мен секциялардағы сабақтарға тартылды.

Екінші мәселе: Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық қолсұғушылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу. Мектеп медбикесі - С.Ақтаева

Осы жұмыс аясында жоспар бойынша профилактикалық сипаттағы іс-шаралар.

ұлдар мен қыз балалармен жиналыстарында жеке жұмыстар, топтық әңгімелер жүргізіліп отырады. Әрбір жиналыстарда гигиена мәселелері көтеріледі. Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу сауалнамалар жүргізілді. Сондай ақ ерте жүктілік, жасөспірімдер физиологиясы туралы ақпараттар беріледі.

Үшінші мәселе: Мектеп психологы Т. Аралбай.

Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша оқушылар арасында психологиялық түрінде жұмыстар жүргізіліп отырады. Жалпы мектебімізде күйзеліске ұшырап жүрген оқушы кездескен жоқ. Бірақ деп тұрғанмен ата-ананың жылы құшағын аңсайтын, жылы сөздер естігісі келетін қам-көңіл оқушылар бар. Ата-аналарға үнемі жиналыстарда айтып отырамын балаларыңызға уақыт бөліп, жандарыңызға тартып құшақтаңыздар, сүйіңіздер, сөйлесіңіздер деп.

Толқанай Сұлтанғалиқызы өз сөзінде кейінгі кезде Фейсбук пен Инстаграм желісінде Синий Кит, Тихий Дом деген жасөспірімдерді суицидке итермелейтін ойындар көбейіп кеткенін жеткізді. Ата-аналарға балаларының ұялы телефонын тексеріп, қандай желіні пайдаланатынын тексеріп отыру керек екендігі түсіндірілді. Жалпы мектеп оқушылары баста назарда қадағалануда.

Шешім:

1. Отбасында құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелеріне және балалармен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтауға қойылатын талаптарға көбірек көңіл бөлу. Кешкі уақыт сағат 22:00 ден кейін оқушылардың қозғалысын бақылауды күшейту.

2. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша профилактикалық жұмысты жалғастыру.

3. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу профилактикасы атты баяндамасы қанағаттанарлық деп танылып, ата-аналармен, оқушылармен жұмысты жандандырсын;

Жиналыс төрайымы: Т.М. Жұмағазина

Хатшы: А.К. Түтебай

Хаттама №4.
"Сағыз орта мектебі" КММ.
14 сәуір. 2023 жыл

қатысқандар: 16.
қатыспаған: жоқ.

Күн тәртібінде:

1. Қыздар үйірмесінің жұмысынан хабарлама
Қыздар үйірмесінің жетекшісі Г. Есеркепова.
2. Жайсыз отбасылармен атқарылған жұмыстар.
Әлеуметтік педагог. Дарбаева Б.

3. Теріс діни ағымдардың алдын алу жұмыстары туралы.
ДТІЖО. Қ. Р. Тайшыбай.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды.

Мектебімізде "Қызғалдақ" қыздар үйірмесі жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылы бойынша қыз балалар 5-11 сынып қыз балалар саны құрайды. Қыз балалар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша әртүрлі форматта жұмыстар жүргізіліп отырды. Қыз балалар арасында 9-11 сынып қыз балаларына "Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу" тақырыбында тренингтер өткізілді. 6-9 сынып оқушыларына "Қыз әркез, қылығымен көркем" атты сайыс өткізілді. 5-7 сынып қыз балаларына кезекті жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" тақырыбында баяндама оқылса, 8-11 сынып қыз балаларына "Қызым үйде, қылығы түзде" тақырыбында баяндама өткізілді. Мектебімізде "Қызғалдақ" қыздар үйірмесі өз мәнінде жұмыс жасауда алдағы уақытта көптеген жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

Екінші мәселе.
Оқу жылының басында бекітілген тізімдер бойынша мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалынады. Әлеуметтік тізімге толық, аз қамтылған, атаулы көмек алатын және сәтсіз

отбасы, толық емес отбасы туралы мәліметтер анықталды. Сонымен қатар жағымсыз отбасыларды анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді.
Қаңтар айында 7сынып оқушысы Әлібеков Абзал деген оқушының отбасы жағдайы тексерілді. Тексеру барысында үйінің мас екендігі анықталып, ата-анасына ескерту берілді. Сонымен бірге 8-3 сыныпта оқитын Құмарқызы Құндызбен Жылдыздың ата-аналары ішімдік ішеді деген күдікпен үйлеріне барып, анықтадық. Нәтижесінде әкесі Құмар алкогольдік ішімдік ішетін болып шықты. Бұл отбасыларға ескерту берілді. Ескерту берілген отбасылар нәтиже шығарып ескерту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша
Қазіргі таңда қоғамда орын алып отырған күрделі мәселелердің бірі теріс діни ағымдар жетегіне еріп кету болып отыр. Мектебімізде қазіргі таңда намаз оқып, дін жолына түскен оқушы жоқ. Бірақ дін ұстанып, намаз оқитын отбасында тәрбиеленіп жатырған оқушылар бар. Теріс діни ағымдардың алдын алу бойынша сынып жиналыстарында әрбір жекелей түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар жиналыстарында да діни түсініктер берілді. Әртүрлі теріс діни ағымдардың жетегіне кіріп, соқыр сезім жетегінде жүрген отбасылардың жағдайларын кино арқылы көрсетіп түсіндірілді. Алдағы уақытта жұмыстар жүргізіліп, қадағалануда отырады.

Шешім:

1. Қыздар үйірмесінің жұмысы жандандырылсын.
2. Жайсыз отбасылармен атқарылған жұмыс әрі қарай жалғасын тауып, қадағалансын.
3. Теріс діни ағымдардың алдын алу жұмыстары үздіксіз жүріп отырсын.

Жиналыс төрайымы: [signature] Г.М. Жумагазина

хатшы [signature] А.К Түтебай

Хаттама №5
"Сағыз орта мектебі" КММ.
23 мамыр 2023 жыл

Қатысқандар - 16
Қатыспағандар - жоқ.

Күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелер:

1. Бақылауда тұрған оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары.
Қамқоршылық кеңес төрағасы: З. Сүйеуов
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы
ДТІЖО: Қ.Р. Тайлабай

тыңдалды.
Бірінші мәселе бойынша
Қамқоршылық кеңес төрағасы З. Сүйеуов
Жалпы мектеп оқушыларының барлығында бақылауда болады жоқ, дегенмен мектепішілік тіркеуде тұрған, Ішкі істер бөлімінде тұрған оқушылар жоқ екен. Мектеп оқушылары жазғы демалыстарын тиімді пайдалану мақсатында ұ. арнайы ұйымдастырылған лагерлерге баруы міндетті. Менің ұсынысым бойынша мектепті озат оқитын, тәртібі үлгілі оқушылар бару керек деп ойлаймын. Сонымен қатар аз қамтылған, атаулы көмек алатын отбасылардың балаларын да лагермен қамтылу керек. Жас ерекшеліктеріне қарай лагерлерге жіберіліп отыруын қадағалап отырамыз.

Екінші мәселе бойынша

Құқықбұзушылық бойынша оқу жылының басынан бастап жұмыс үздіксіз жүргізіліп келеді. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінде 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқарылды. Мектеп оқушыларының түнгі мезгілдегі қозғалыстарын қадағалау мақсатында түнгі рейд жұмыстары жүргізіліп отырды. Кезекшілік кезінде көңілсіз оқиғалар орын алған жоқ. Ауылдың учаскелік инспекторы Т. Мәдікұлымен бірлесіп жұмыстар жүргізілді.
Мәселен: Жол қауіпсіздігі және ауыл ішінде оқушы балалардың мотоцикл айдауларына қатаң ескерту берілді.
Жазғы мезгілде суға қараусыз жерлердегі

жеткізетін сұрақтарға жол бермеу тәртібін бұзбайтынын ескертті.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысын үздіксіз жүргізіп отырады.

Шешім:

1. Оқушылардың жазғы демалысы тиімді ұйымдастырылсын.

2. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы еске алынсын.

Жиналыс төрайымы: [signature] Г.М. Жумағазина
Хатшы [signature] А.К. Түтебай.

Хаттама № 1

Байғанин аудандық білім бөліміне
«Сағыз орта мектебі» КММ-і бойынша
Құқық бұзушылықтың алдын алу
Аясында 2022-2023 оқу жылында
атқарылған іс-шаралар **есебі**

13 қыркүйек күні құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысы өткізілді. Кеңес отырысына мектеп директоры Гулмира Мұханбетқызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасы Құралбек Рахатұлы және мектеп психологы Аралбай Толғанай, әлеуметтік педагог Дәрібаева Бибігүл, мектеп кітапханашасы Ноғай Нурзипа, құқық пәнінің мұғалімі Акерке Жеңісқызы, тәлімгер Құлмұрза Айзада, мектеп медбикесі Қалданбаева Әсел, ата-ана Абишева Айнұр, 11сынып оқушысы Мұрат Мансұр қатысты. Кеңес мақсаты: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру және отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар бойынша мәселелер қаралды.




Қыркүйек айының 19 жұлдызы күні мектебіміздің «Мұрагер» ұлдар ұйымының жоспары бойынша 8-11класс оқушыларының арасында жиналыс өткізілді. Оқушыларға құқықбұзушылық туралы, түнгі жүріс, сонымен қатар мектепке ит ертіп келмеу керектігі қатаң түрде ескертілді.




«Қызғалдақ» қыздар ұйымының жетекшісі Гүлфарида Алдабергенқызының ұйымдастыруымен 27-қыркүйек күні «Артық болмас білгенің» тақырыбында

жиналыс өткізілді. ДТІЖО, психолог, медбике және тәлімгер қатысып, күн тәртібіндегі мәселелер талқыланды. Психолог сауалнама алып, медбике денсаулық,

тазалық тақырыбында баяндама оқыды. Оқушылардың пікірі тыңдалды. Дебат жетекшісі Жансерік Тайшыбайұлы қыздар күні апталығының іс-шара жоспарына сәйкес «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. «Қыз қандай болу керек?» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, қыз балалармен пікір алмасты. Сонымен қатар қыз тәрбиесіне қатысты бейнеролик көрсетіліп, қатысушылардың пікірі тыңдалды. Психолог барысында қыз балалар бойындағы жағымсыз қасиеттерді жағымды қасиеттерге өзгертіп айтып, ойларын ортаға салды.





Қазан айының 13жұлдызында мектеп психологы Аралбай Толғанай «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» тақырыбында топтық жұмыс жүргізілді. Медбике «Жыныстық жолмен берілетін аурулар» атты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар психолог «Қыздардың ұлттық тәрбиеге көзқарасы» тақырыбында сауалнама жүргізді.





Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жиналыс болып өтті. Жиналысқа аудандық полиция бөлімінің жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторы Ұзақбаев Тұрар қатысып оқушыларға құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.





3-қазан күні құқықбұзушылықтың алдын алу мақсаты бойынша мектеп оқушыларының түнгі көшеде жүру қозғалыстарын бақылау мақсатында мектеп мұғалімдері түнгі рейді кезекшілік жүргізді. Түнгі кезекшілік кезінде келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ. Сонымен қатар мектеп мұғалімдері мен ауылдың учаскелік инспекторы Байғанин аудандық білім бөлімінің 04/292 санды хаты негізінде «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шарасын атқару мақсатында түнгі рейдтер жүргізілді.





Байғанин ауданының білім бөлімінің 2022 жылғы 19 қазандағы №04/230 санды хатына сәйкес оқушыларға интернет желісін дұрыс пайдалану,зияны және пайдасы туралы түсінік беру мақсатында 5-9 сыныптар арасында «Кибербуллинг деген не?»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.сынып сағаттары барысында «Кибербуллинг»ұғымына түсінік беріліп,әлеуметтік желіні қолдану ережелері айтылды.Оқушылар өз ойларын білдіріп,пікірлерін ортаға салды.










9-сынып жетекшісі Кульметова Бақтыгүлдің ұйымдастыруымен кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарды қолданудың алдын алу мақсатында «Нашақорлық-ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.






«Бала құқығы-адам құқығы» атты онкүндік іс-шара жоспарына сәйкес «Мұрагер» ұлдар ұйымының жетекшісі Айбар Тоянұлының ұйымдастыруымен «Түнгі қаладағы балалар» атты республикалық акцияға қолдау көрсету мақсатында түнгі кезекшілік жұмыстарын жүргізді. Түнгі кезекшілікке директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тайшыбай Құралбек пен 11-сынып оқушылары қатыстырылды.



Сонымен қатар құқық пәнінің мұғалімі Құралбек Рахатұлының ұйымдастыруымен «Құқығым бар» тақырыбында эссе жаздырды. Эссе байқауына 9-10сынып оқушылары қатысып, өздерінің құқықтық сауаттылықтарын көрсете білді.



Дінтану пәнінің мұғалімі Ақерке Жеңісқызының ұйымдастыруымен 9-сынып оқушыларына «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Танымдық сабақтың мақсаты оқушыларға экстремизм, терроризм туралы түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік қоғамдық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу. Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.





«Сағыз орта мектебі» КММ-де №2/4786 санды қатынасына сәйкес «Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» атты құқықтық онкүндіктің жоспары құрылып 14-25 қараша аралығында онкүндік басталды. Жоспарға сай онкүндіктің ашылуы өтті. Ашылу барысында мектептің Мектеп Парламентінің құқық және тәртіп фракциясының мүшелері 11сынып оқушысы Бисен Тоғжан мен 9сынып оқушысы Бекболатқызы Нұрсая құқықбұзушылықтың алдын алу жөнінде баяндама оқыды. Мектептің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы онкүндіктің жоспарымен таныстырып, бейнероликтер көрсетілді.









Сонымен қатар мектебімізде «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында бұрыш қойылып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы мен Мектеп Парламенті нің тәртіп және құқық фракция мүшесі Бисен Тоғжан оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.






«Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» құқықтық онкүндік жоспарына сәйкес 14-18 қараша аралығында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Сәрсен Айбар мен Мыңбай Аманбектің ұйымдастыруымен «Спорт және денсаулық» атты волейбол лигасы басталды. Жарысқа мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатыстырылды. Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстану және мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану.





2022-2023 оқу жылында «Сағыз орта мектебі» КММ-де кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жайттарды анықтауға бағытталған сауалнама алынды. Сауалнаманы мектеп психологы Аралбай Толғанай онлайн түрінде интернет арқылы өткізді. Оқушылар сауалнамада көрсетілген сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар сынып жетекшілер құқықбұзушылық бойынша әртүрлі тақырыптарда бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізді.

14-18 қараша күндері мектебімізде әрбір кластарда ата-аналарымен «Бала тәрбиесі-отбасымен мектептің ажырамас бөлшегі» тақырыбында жиналыс өткізді.

Ата-аналарға арналған тренинг ұйымдастырылды. Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы ынтымақтастық»
2. І оқу тоқсаны қорытындысы.
3. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналарға түсіндіру. Ата-аналарға құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылатын жұмыстар туралы түсіндірілді.









Онкүндік жоспарына сәйкес мектебімізде «Ұшқыр ой» Сағыз дебат клубының жетекшісі Таңбай Жансеріктің ұйымдастыруымен 21-**караша** күні 10-11сынып оқушыларына «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» тақырыбында пікірталас өткізілді. Пікірталас мақсаты әрбір оқушы өзінің құқықтары мен міндеттері білу.





 

5-сынып жектешісі Өскінбай Жадыраның ұйымдастыруымен оқушыларға «Менің бір күнім» тақырыбында бейнеролик өткізілді. Бейнероликте оқушылар таңертең тұрғаннан кешке дейінгі бір күндік өмірін бейнероликке түсіріп жолдады. Сонымен қатар мектептің бақылауына алынған қолайсыз (сәтсіз) отбасылардың тұрғын-үй тұрмыстық жағдайын зерделеу, ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында мектептің мобильді топ құрамы (психолог, әлеуметтік педагог, тәлімгер, сынып жетекшілер және ДТІЖО) түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бейнероликтер мектептің әлеуметтік желісіне салынды.

 

24 **караша** күні директордың тәрбие ісі жөніндегі Тайшыбай Құралбектің ұйымдастыруымен «Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында ер балалармен дөңгелек үстел өткізілді. Өткізілген дөңгелек үстелге 8-10 сынып оқушылары қатыстырылды. Сонымен қатар дөңгелек үстелге мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Сәрсен Айбар мен Мыңбай Аманбек қатысып, тәртіпке бағынып осындай нәтижеге қол жеткізгендерін атап өтті.

  

Окушылар «тәртіп» сөзіне ассоциация құрып, талдап, талкылады. 4сынып жетекшісі Сейлханова Айнагүл Аманкоскызынын ұйымдастыруымен «Жолда жүру ережесін сактайык!» такырыбында сынып сағатын өткізді.

Максаты: Окушыларды жол, көлік апаттарынан сактандырып, жол ережесін катан сактауға үйрету. Жол белгілерімен таныстыру. Окушылардың бағдаршам туралы түсініктерін кеңейту, жолда жүру ережесі өз өмірлері үшін қажет екенін түсіндіру. Құқыкбұзушылық бойынша өткізілген онкүндік қортындыланып, өткізілген іс-шараларға талдау жүргізілді.





Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша алдағы уақыттада жұмыстар жүргізіліп отырады.

**Желтоксан а**йының 23-і күні мектептің 9-10-11 сынып аралығына ауылдық учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Б.І.Базаров оқушыларға ит,мысықтарды күтіп ұстау және серуендету қағидаларын,жаңа жылдық кештерге тыйым салынғанын,түнгі мезгілде тұрғын жайдан тыс жерде жүрмеу туралы және Нашақорлықтың алдын алу, «Алаяқтан сак болайык»такырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.








Мектебіміздің 9-сынып ата-аналарымен «Отбасындағы бала тәрбиесі»тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.Жиналыс барысында күн тәртібінде қаралған мәселелер: «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі»тақырыбында баяндама оқылды және II оқу тоқсаны қорытындысы айтылды.






Ұлттық пікірсайыс турнирі аясында мектепте «Өзіңді тану-өмірді тану»тақырыбында «Сағыз»дебат клубының мектепішілік сайысы өткізілді.Әр топөзіне таңдалған тақырыптар бойынша ақпараттар берді.Сайыста 9 сынып қыз балаларынан құралған «Болашақ»тобы жеңіске жетті.Пікірсайстың мақсаты мектеп оқушыларының тіл байлығын дамыта отырып,ізденіске үйрету және бос уақыттарын тиімді пайдалану болып табылады.







Мектепте жұмыс жасап отырған «Қызғалдақ»қыздар ұйымының ұйымдастыруымен 8-11 сынып қыз балаларына кезекті жиналыс өткізілді.Жиналыста қаралған мәселелер Қыздар ұйымының жетекшісі Гүлфарида Алдабергенқызы «Қызым үйде қылығы түзде»тақырыбында баяндама оқыды және мектеп психологы Аралбай Толғанай оқушыларға «Оқуға деген қызығушылығын қалай арттыру керек» екендігі туралы психологиялық кеңес жүргізді.Сонымен қатар мектебіміздің 5-7 сынып қыз балаларынада жиналыс өткізілді. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі»тақырыбында баяндама оқылып, «Біз біргеміз»тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.














Сағыз орта мектебінде 2022 жылдың 26 **қаңтар** күні «Бала зорлығы – қоғам қасіреті» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа аудандық жасөспірімдер жөніндегі инспекторы Ерғалиев Роман Рахманұлы қатысып, ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Күн тәртібінде қаралған мәселелері: 1.Бала зорлығы - қоғам қасіреті» (баяндама), 2.Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу (хабарлама), 3.I, II оқу тоқсанының қорытындысы, 4.Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы (коучинг). Жиналыс соңында мектеп оқушылары ата-аналарға өнерлерін көрсетті.





5-9 сыныптар арасында «Адалдық жүрген жерде,адамдық жүреді»тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.Тәрбие сағатының мақсаты:Өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық,парасаттылық,әділдік,сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп,сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.








25-қаңтар күні 6-9 сынып оқушылары арасында көркем еңбек пәні мұғалімі Мәден Айна Сметқызының ұйымдастыруымен «Қыз еркем,қылығымен көркем»атты сайыс өткізілді.Мақсаты:Қыз балаларды икемділікке,шеберлікті дәріптеу арқылы ұқыптылыққа,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Сайыста жеңімпаз болған оқушылар Алғыс хатпен марапатталды.










Мектебіміздің мұғалімдері мен учаскелік полиция қызметкері Т.Ұзақбаевтың қатысуымен «Жасөспірім»атты жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді.Аталмыш профилактикалық жұмыс **ақпан** айының 1-12 аралығында Байғанин ауданының №30/223 бұйрығы негізінде жүзеге асуда.Іс-шараның басты мақсаты кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын алу,сондай- ақ құқыққа қайшы іс-әрекеттерге жол бермеу,кәмелетке толмағандарға алкогольдік және темекі өнімдерін сату,олардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз ойын-сауық мекемелері мен тұрғын үй-жайлардан тыс аумақта болу жайттарының алдын алу болып табылады.






**Акпан** айының 4 жұлдызында 11сынып жетекшісі Айсамал Тұрашқызы және 9 сынып жетекшісі Назерке Айтқалиқызының ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды насихаттау, діни теріс ағымдардың алдын алу бағытында «Діни экстремизмнің қатерін түсінесің бе» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен катар 8 сынып жетекшісі Бақытгүль Ғабдановна әртүрлі діни экстремизм туралы бейнероликтер көрсетіп, оқушыларды жат қылықтардан аулак болуға түсіндірді. 10 сынып жетекшісі Айгүл Сапанкызы оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беріп және оның зардаптарын, себептерін ұғындыру мақсатында «Экстремизм мен терроризм» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.






Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу максатында Актөбе облысы ПД2022 жылғы 09 акпандағы №72 бұйрығына сәйкес Сағыз орта мектебі бойынша 11.02.2022-14.02.2022 жыл аралығында «Түнгі каладағы балалар» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шараның мақсаты: жасы кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу болып табылады.




2023 жылдың 10 **наурыз** күні мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құралбек Рахатұлы, әлеуметтік педагог Бибігүл Шүйіншәліқызы,

психолог Толғанай Сұлтанғалиқызы және мектеп медбикесі Актаева Саяның қатысуымен «ВЕЙП денсаулыққа өте қауіпті» атты тақырыпта ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ақпараттық түсіндірме жұмыстары барысында оқушыларға электрондық темекінің кері әсері және одан туындайтын ауру түрлері, зиянды кері әсері және одан туралы жадынамалар таратылып, видеороликтер көрсетілді.





17-наурыз күні «Құқықбұзушылықтың алдын алу»тақырыбында 8-11 сынып ата-аналарына жалпы жиналыс өткізілді.Ағымдағы қаралған мәселелер бойынша кәмелетке толмағандар мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ай сайын құқықтық сабақтар ұйымдастыру және кәмелетке толмағандарға бөтен біреудің мүлкін ұрлаудың алдын алу мақсатында ата-аналармен білім беру ұйымдарына бағалы заттарды алып келуге болмайтындығы жөнінде сұхбаттар жүргізілді.




**27.03.2023-10.04.2023** жылы өткізіліп жатқан жедел профилактикалық іс-шарасы «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» бойынша Ногайты ауылының учаскелік полиция инспекторы,полиция майоры Б.І.Базаров және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбай бастауыш сыныптары және орта буын оқушылары арасында дәрістер оқып, «Алаяқтыққа жол жоқ!»тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.








Мектептің дебат жетекшісі Гүлжан Серікқызының ұйымдастыруымен **4сәуір** күні «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында 9 сынып оқушыларына пікірталас өткізілді. Мақсаты: Кәмелетке толмаған оқушылар ортасында интернет ресурстарды қолдану мәдениетін қалыптастыру болып табылады. III оқу тоқсанының қорытындысы бойынша 1-11 кластардың ата-аналарына жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары қойылып, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.






2023 жылдың **15сәуір** күні «Мұрагер» ұлдар ұйымының жетекшісі Айбар Тоянұлының ұйымдастыруымен ұлдар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ер балалар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Ұл бала тәрбиесі-жауапты іс» тақырыбында кеңес берілді.




Сәуір айында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кездесу өткізілді. Кездесуге Ащы ауылдық округінің әкімі Сырым Тілектесұлы, ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы, ардагер ұстаз Төлеген Мұқыпұлы және Байғанин аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі М.Ақтанұлы, учаскелік инспектор Т.Ұзақбаев қатысты. Жиналыс барысында оқушыларға түнгі беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, ауылдың маңына жиналған

көлдерге бармау, ұрлық жасамау, мектеп аумағына иттерін ертіп келмеу сияқты құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында көптеген мәліметтер берілді. Оқушылар ойларында жүрген сұрақтарына жауаптарын алды.




Мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,мектеп психологының және мектеп медбикесінің қатысуымен **19-сәуір** күні қыздар ұйымының жоспарына сәйкес «Ерте жүктіліктің алдын алу»тақырыбында пікіралмасу өткізілді.Пікірталасқа 9-11 сынып қыздарының қатысуымен түрлі тренингтер ұйымдастырылып,постер қорғады,сұрақ-жауап жүргізілді.








Сонымен қатар ауылымыздың жанында қар суынан жиналған көлдердің жанына шомылуға болмайды деген белгілер қойылды. Мектеп оқушыларына ауылдың учаскелік инспекторы Ұзақбаев Тұрар суға шомылуға болмайтыны туралы қатаң ескерті жасады. Сынып жетекшілер «Өрт қауіпсіздігі» мен «Судағы қауіпсіздік» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді.




**Мамыр** айында мектеп мұғалімдерінен құралған түнгі кезекшілік рейд ұйымдастырылды. Мақсаты: мектеп оқушыларының түнгі беймезгіл уақытта жүрмеуін және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілді. Түнгі кезекшілік кезінде келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ. Жазғы каникул кезінде оқушылардың қозғалысы қадағаланып отырды.

Байғанин аудандық АТК хатшысы Меделбаев Қуаныш Серікұлы және Байғанин аудандық мешіттің бас имамы,Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының теологы Көрпебаев Ержан Ермұратұлы оқушыларға дін жөнінде,діни экстремизм мен кереғар діни ағымдар,секталар,олардың қоғамға зияндылығы әрі қауіптілігі тұрғысында оқушыларға кең көлемді түсіндірме жұмыстарын жүргізді.







Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша алдағы уақыттада жұмыстар жүргізіліп отырады.